

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қыркүйектегі № 885 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 шілдедегі № 688 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 936 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 12, 86-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде:

14-тармақтың екінші бөлігінде «осы Ереженің 9-12-қосымшаларына сәйкес» деген сөздер «қоса берілетін есептеулермен және негіздемелермен осы Ереженің 10-12-қосымшаларына сәйкес» деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысы қабылданғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді.

Облыстың, Астана және Алматы қалаларының бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы облыстың, Алматы және Астана қалаларының әкімдігі жергілікті бюджет туралы облыстық мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдағаннан кейін 8 жұмыс күні ішінде төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі жергілікті бюджет туралы аудандық мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді.»;

25-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

2 6 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктің, бірінші абзацында «күнтізбелік күн» деген сөздер «жұмыс күні» деген сөздермен ауыстырылсын, «өзіне» деген сөз «өздеріне» деген сөзбен ауыстырылсын ;

36-тармақтың үшінші бөлігінде «қабылдауы туралы» деген сөздер «орындауы туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

41-тармақтың үшінші бөлігінде «бағамдық айырманы,» деген сөздерден кейін «форс-мажорлық мән-жайларды, сот талқылауларын, аванстың төлемнің мөлшерін азайтуды» деген сөздермен толықтырылсын;

5 7 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

«2),» деген сан алып тасталсын;

«мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға» деген сөздер «мынадай құжаттардың дайындығын жүзеге асырады» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы «, дамуға арналған нысаналы трансферттерді қоса алғанда» деген сөздер алып тасталсын ;

58, 59-тармақтарда және 62-тармақтың бірінші, екінші бөліктерінде « мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

91-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын :

«аумақтық қазынашылық бөлімшесі мен мемлекеттік мекеме арасында электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану туралы келісімнің түпнұсқасы.»;

99-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бірінші немесе екінші қол қою құқығы бар тұлғалардың бірінің қолтаңбасын уақытша ауыстырған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне тұлғаны тағайындау туралы және міндетті уақытша атқарушыға қол қою құқығын жүктеу туралы бұйрықтың көшірмесін бере отырып, оның қолданылу мерзімін көрсете отырып, тиісті қолтаңбалар үлгілері бар уақытша құжат ресімделеді. Қайта ұсынылған құжаттар мемлекеттік мекеменің құжаттар жинағына тігіледі.»;

113-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«113. Жабылатын ақылы қызметтер, демеушілік, қайырымдылық көмек,

ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-да немесе шетел валютасындағы шотта ақша қалдығы болған кезде мемлекеттік мекеме қағаз тасығышта, аумақтық қазынашылық бөлімшесімен Келісім жасасқан жағдайда - «Қазынашылық - клиент» ақпараттық жүйесі бойынша (бұдан әрі - «Қазынашылық - клиент» АЖ-сі) электрондық түрде жабылатын:»;

114-тармақта «он жұмыс күні ішінде» деген сөздер «үш жұмыс күні ішінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

128-тармақтың екінші бөлігінде «Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

132-тармақтың бірінші бөлігінде «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

147-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы талап орындалмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі жалақы және басқа да ақша төлемдерін, оның ішінде штаттан тыс персоналдың жалақысын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай өтемақыны төлеуді, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді, жәрдемақыларды, алименттерді, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды төлеуді, банк қызметтеріне ақы төлеуді қоспағанда, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген бюджеттік алулардың сомасын толық аударғанға дейін тиісті жергілікті бюджет бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.»;

154-тармақта «сомалар мен жұмыс көлемін» деген сөздер «соманы» деген сөзбен ауыстырылсын, «, жұмыстардың көлемі» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 160-1-тармақпен толықтырылсын:

«160-1. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қорытындысы бойынша жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша аванстық (алдын ала) төлемге жол берілмейді.»;

162-тармақтың оныншы абзацында «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 6 5 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте «түпнұсқасын» деген сөзден кейін «және көшірмесін» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайларды, құрылыстарды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шартты тіркеу үшін азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге өтінімді мемлекеттік мекеме жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, жобалау-іздігіру жұмыстарын әзірлеу жөніндегі қызмет және

олардың мемлекеттік сараптамасы шарттың құнына енгізілген шартты қоспағанда, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын міндетті түрде қоса бере отырып ұсынады.»;

1 6 6 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктің 2) тармақшасының екінші абзацы «немесе жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәліктің көшірмесі» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте «нөмірі көрсетілген, банктің шотының болуы туралы банктің анықтамасын» деген сөздер «өзгерістер енгізілетін деректемелерді растайтын осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген тиісті құжаттарды» деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 7 0 - т а р м а қ т а :

он бесінші абзацта «, банктің қаласы» және «және банк қаласы» деген сөздер а л ы п

т а с т а л с ы н ;

төртінші бөліктің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«сомасы» ашық жолында сомасы цифрлармен көрсетіледі;»;

188-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тиісті бюджеттердің ҚБШ-да ақша жеткіліксіз болған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесі бірінші кезекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен айқындалған бюджет шығыстарының басым бағыттары бойынша төлемдер жүргізеді, қалған төлемдер төлеуге берілетін шоттардың түсу кезектілігі тәртібімен жүргізіледі. Бұл ретте қағаз тасығышта немесе «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электрондық түрде түскен ҚБАЖ-ға енгізілген төлеуге берілетін шотты орындау үшін жеткілікті сомада ақша болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда, төлеуге берілетін шот қайтару себебін негіздей отырып, төлеуге берілетін шот келесі күнге орындамастан мемлекеттік мекемеге қайтарылады.»;

1 8 9 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте «төлеуге берілетін шоттарды» деген сөздерден кейін «қағаз тасығышта» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік мекемелерден келіп түскен төлеуге берілетін шоттарды электрондық түрде «Қазынашылық - клиент» АЖ арқылы қабылдауды жұмыс күні ішінде сағат 16.00-ге дейін жүзеге асырады. Сағат 16.00-ден кейін келіп түскен құжаттар келесі жұмыс күні орындалады.»;

190-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«190. Мемлекеттік мекеме:

мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету кестесінің сақталуын;

төлеуге берілетін шотты ұсыну заңдылығы мен негізділігін;

төлеуге берілетін шотта көрсетілген деректемелердің дұрыстығын;

ақша алушылардың пайдасына төлемдерді жүзеге асыру бойынша міндеттемелердің уақтылығы мен толық орындалуын; жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес тауарлардың, орындалған жұмыстардың және (немесе) көрсетілген қызметтердің жеткізілуін растаудың д ұ р ы с т ы ғ ы н ;

тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша аванстық төлемнің сомасын қоспағанда, төлем жүргізген кезде шот-фактуралардың немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжатының (актінің) немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісінің көшірмелерін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрін беруді;

олар бойынша жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы даярлау құны ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта құруға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шығыстар бойынша аванстан кейінгі төлемді жүргізу кезінде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын ұсынуды қамтамасыз етеді.»;

193-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«193. Осы Ереженің 74-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасығыштағы төлеуге берілетін шот және төлеуге берілетін шоттың электрондық түрі онда көрсетілген күннен он күнтізбелік күн ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне беруге жарамды.

«Қазынашылық - клиент» АЖ арқылы төлеуге берілетін шот осы Ереженің 74 -1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жіберіледі.»;

194-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Қазынашылық - Клиент» АЖ арқылы электрондық түрде жіберілген төлеуге берілетін шоттарды жүргізген кезде төлеуге берілетін шоттардың тізілімдері берілмейді.» ;

195 - тармақта :

бірінші бөлікте :

«жағдайларда» деген сөзден кейін «қағаз тасығышта» деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы төлеуге берілетін шоттың электрондық түрінің және оған қоса берілген құжаттың осы Ереженің 24-29-тарауларында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және сәйкес келген жағдайда төлеуге берілетін шоттың электрондық түрін бекітеді.»;

2) тармақшаның екінші абзацы «немесе жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәліктің көшірмесін» деген сөздермен толықтырылсын; екінші бөлікте «нөмірі көрсетілген, банктік шотының болуы туралы банктің

анықтамасын» деген сөздер «осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

197 - тармақта :

бірінші бөлікте «төлеуге берілетін шот» деген сөздер «қағаз тасығышта төлеуге берілетін шот және «Қазынашылық - клиент» АЖ арқылы электрондық түрде түскен төлеуге берілетін шот» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қағаз тасығышта төлеуге берілетін шот және «Қазынашылық-клиент» АЖ арқылы электрондық түрде түскен төлеуге берілетін шот мынадай:»;

екінші абзацта «төлеуге берілетін шот» деген сөздің алдынан «қағаз тасығышта» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он сегізінші абзацпен толықтырылсын:

«осы Ереженің 185-тармағының екінші абзацында көзделген талаптарды сақтамастан төлеуге берілетін шотқа хабарламаны «Қазынашылық-клиент» АЖ арқылы бекіту.» ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазынашылық - клиент» АЖ арқылы электрондық түрде түскен төлеуге берілетін шот қабылдау және одан әрі өңдеу кезеңінде жоғарыда санамаланған талаптарға сәйкес келмейтіндігі анықталған кезде төлеуге берілетін шот қайтару негіздемесі міндетті түрде көрсетіле отырып, электрондық түрде мемлекеттік мекемеге қайтарылады.» ;

198-тармақта «Мемлекеттік мекеменің» деген сөздерден кейін «қағаз тасығыштағы және «Қазынашылық - клиент» АЖ арқылы электрондық түрде түскен» деген сөздермен толықтырылсын;

199 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қағаз тасығыштағы және «Қазынашылық - клиент» АЖ арқылы электрондық түрде түскен төлеуге берілетін шот былайша толтырылады:»;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«БСК» ашық жолағында бюджет атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі;»;

отыз үшінші абзацта «және қаласы» деген сөздер алып тасталсын;

отыз алтыншы абзацта «коды» деген сөзден кейін «шетел валютасын айырбастауға немесе қайта айырбастауға төлемдер жүргізген кезде ерекшелік коды» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы отыз тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«Төлемнің тағайындалуы» ашық жолағы:» тіркелген шарттар (қосымша келісімдер) бойынша төлеуге берілетін шоттың электрондық нысанында

төлемнің тағайындалуында төлемнің мәртебесі былайша көрсетіледі: «ағымдағы
» , « т ү п к і л і к т і » ;

қырық бесінші абзацта «М.О.» ашық жолағында» деген сөздердің алдынан «
қағаз тасығышта төлеуге берілетін шоттың» деген сөздермен толықтырылсын;

қырық алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қағаз тасығышта төлеуге берілетін шоттың «Басшының тегі, аты-жөні Қолы
» ашық жолағында құжатқа қол қойған тұлғаның лауазымының атауы, орталық
атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық
атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды
тұлғаның) бұйрығына сәйкес бірінші қол қою құқығы бар мемлекеттік мекеменің
уәкілетті тұлғасының, ал мұндай болмаған жағдайда - қолдар мен мөр бедерінің
үлгілері бар құжатқа сәйкес мемлекеттік мекеме басшысының қойылған жеке
қолы және қолының таратып жазылуы (аты мен тегінің басқы әріптері)
көрсетіледі. Электрондық нысандағы төлеуге берілетін шотта «Басшының тегі,
аты-жөні Қолы» ашық жолағында орталық атқарушы органның жауапты
хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты
хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның) бұйрығына сәйкес
бірінші қол қою құқығы бар мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасының, ал
мұндай болмаған жағдайда - қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа
сәйкес мемлекеттік мекеме басшысының қойылған жеке қолы және қолының
таратып жазылуы (аты мен тегінің басқы әріптері) көрсетіледі.»;

қырық жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қағаз тасығышта төлеуге берілетін шоттың «Бас бухгалтердің тегі, аты-жөні
Қолы» ашық жолағында - құжатқа қол қойған лауазымды тұлғаның атауы,
орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен
орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген
лауазымды тұлғаның) бұйрығына сәйкес екінші қол қою құқығы бар мемлекеттік
мекеменің уәкілетті тұлғасының, ал мұндай болмаған жағдайда - қолдар мен мөр
бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес мемлекеттік мекеме басшысының жеке
қолы және қолының таратып жазылуы (аты мен тегінің басқы әріптері)
көрсетіледі. Электрондық нысандағы төлеуге берілетін шотта «Бас бухгалтердің
тегі, аты-жөні Қолы» ашық жолағында - құжатқа қол қойған лауазымды
тұлғаның атауы, орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (
белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының
өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның) бұйрығына сәйкес екінші қол қою
құқығы бар мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасының, ал мұндай болмаған
жағдайда - қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес мемлекеттік
мекеме басшысының жеке қолы және қолының таратып жазылуы (аты мен
тегінің басқы әріптері) көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 199-1-тармақпен толықтырылсын:
«199-1. Электрондық төлеуге берілетін шоттарды жасау кезінде тиісті электрондық ашық жолақтарда төлем түрін көрсету қажет:
1 - қ а р а п а й ы м т ө л е м ;
2 - қосымшасы бар жиынтық 10% зейнетақы төлемі;
3 - еңбекақыны және дивидендтерді аудару;
4 - қосымшасы бар әлеуметтік аударымдар.

Шығыс есептілік нысандарында қамтылған мәліметтерді бұрмалауға жол бермеу мақсатында мемлекеттік мекеме жасаған, бірақ мемлекеттік мекеменің басшысы қол қоймаған төлеуге берілетін шоттарды айдың соңғы күнінің сағат 16.00-дегі жағдай бойынша, ал ағымдағы қаржы жылының желтоқсанында бұл күн ерте болуы мүмкін, қазынашылық Жүйеден алып тастайды,»;

202-тармақтың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Мемлекеттік мекеме демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ төлемдер мен ақша аударымын жүргізген кезде «түпкілікті» м ә р т е б е с і к ө р с е т і л е д і . » ;

207-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Мемлекеттік мекемелер жалақыны төлеуге арналған төлеуге берілетін шоттарды қағаз тасығышта, аумақтық қазынашылық бөлімшесімен Келісім жасасқан жағдайда «Қазынашылық - клиент» АЖ арқылы электрондық түрде ай сайын 28-і күніне дейін, ал ағымдағы қаржы жылының соңғы айында - жиырмамыншы желтоқсанға дейін аумақтық қазынашылық органдарына береді.» ;

209-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Қазынашылық - клиент» АЖ жұмыс істеу үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесімен Келісім жасасқан мемлекеттік мекеме осы Ереженің 80-қосымшасына сәйкес 5-15а «Ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірме (мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы және басқа да ақшалай төлемақы, стипендиялар, жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарына немесе ақша алушылардың жинақ шоттарына төлемдер және әлеуметтік есептеулер аудару бойынша)» нысаны бойынша ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірме (бұдан әрі - үзінді көшірме) қалыптастырады.» ;

211-тармақтың бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«211. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт талаптарына сәйкес «Қазынашылық - клиент» АЖ-де төлемдерді жүргізу үшін мемлекеттік м е к е м е с к а н и р л е н г е н :
төлеуге берілетін шотты ұсынған кезде хабарламаны, тауарларды беру

туралы шот-фактураның немесе жүкқұжаттың (актінің) көшірмесін немесе жасасқан шартқа немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа құжатқа (бұдан әрі - растайтын құжаттар) сәйкес орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісін ұсынған кезде хабарлама, сондай-ақ ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта құруға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдар мен басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын дайындау құны шарт құнына енгізілген объектілерден басқа шығыстары бойынша алдын ала төлемнен кейінгі төлем жүргізу кезінде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы қосымша ұсынылады;»;

212-тармақтың бірінші бөлігінде «түпкілікті төлемді» деген сөздер «алдын ала (аванстық) төлеуді қоспағанда,» деген сөздермен ауыстырылсын;

213-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«213. Аванстық (алдын ала) төлемді жүргізу үшін мемлекеттік мекеме төлеуге берілетін шоттардың тізілімін (аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне төлеуге берілетін шоттарды қағаз тасығышта берген жағдайда) және төлеуге берілетін шоттарды береді.»;

216-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

«216. Төлемдер жүргізу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне банкте алынған қолма-қол ақшаны қалпына келтіруге және банк қызметтерін өтеуге төлеуге берілетін шоттармен бірге ұсынылатын қолма-қол ақшаны және чекті алуға өтінімдерді қоспағанда, аумақтық қазынашылық бөлімшесімен Келісім - «Қазынашылық-клиент» АЖ арқылы электрондық түрде жасалған жағдайда, осы Ереженің 215-тармағында санамаланған құжаттарды растайтын қағаз тасығыштағы қосымшасыз төлеуге берілетін шотты ұсынады.»;

235-тармақтың екінші бөлігінің мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

237-2-тармақта «ашылған» деген сөз «ашылатын» деген сөзбен ауыстырылсын;

237-7-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

254-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацында «Аумақтық қазынашылық бөлімшесіне» деген сөздерден кейін «сот актілері,» деген сөздермен толықтырылсын;

257 - тармақта :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«257. Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыстың жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен трансферттерді қоса алғанда, төмен тұрған бюджеттерге трансферттерді белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны)

қаржыландырудың жеке жоспарының, нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімнің негізінде бюджеттік бағдарлама әкімшісі төмен тұрған бюджеттердің кірісіне аударылады.»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Нысаналы даму трансферттері жоғарғы тұрған бюджеттен төменгі тұрған бюджеттерге нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімнің және белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландырудың жеке жоспарының негізінде оларды объектілер бойынша бөлместен, бір сомамен аударылады.»;

2 6 0 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі «шығыстарды арттыруға және (немесе) түсімдерді азайтуға әкеп соқтыратын заңнамалық актілерді» деген сөздер «шығыстарды арттыруға әкеп соқтыратын заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемін қолдану кезеңінде шығыстарды арттыруға және (немесе) жергілікті бюджеттердің кірістерін қысқартуға әкеп соқтыратын заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін қабылдаудан туындайтын төменгі тұрған бюджеттердің залалын өтеген жағдайда, жоғарғы тұрған бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттерді аударуды белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың жеке жоспары негізінде жоғарғы тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жүзеге асырады.»;

2 6 2 - т а р м а қ т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жергілікті бюджеттердің бюджеттік қаражатының қалдығы есебінен пайдалануға (түгел пайдалануға) рұқсат етілген нысаналы трансферттердің сомасы ағымдағы қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған жағдайда тиісті бюджетті түзету және бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органның пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын «Пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару» түсімдер кодына республикалық бюджеттің кірісіне аудару жолымен ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанынан кешіктірмей қ а й т а р у ғ а ж а т а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Республикалық немесе облыстық бюджеттен бөлінген, өткен қаржы

жылында пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған), ағымдағы жылы жылдың басындағы бюджет қаражаты қалдықтары есебінен одан әрі пайдалану (түгел пайдалану) туралы олар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі қабылданбаған нысаналы трансферттердің сомаларын қайтару тиісті бюджетті түзету және бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органның ҚР ББС түсімдердің сыныптама кодына оларды бөлген жоғары тұрған бюджеттің кірісіне аудару жолымен ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейін жүргізіледі.»;

264-тармақтың бірінші бөлігіндегі екінші сөйлемде «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

266 - тармақта :

үшінші абзацта «сондай-ақ, сапа және тиімділігінің көрсеткіштері (нәтиженің көрсеткіштері)» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші абзацты мынадай редакцияда жазылсын:

«жергілікті атқарушы органның қол жеткізілген тура және түпкілікті нәтижелері туралы есепті тиісті жоғарғы тұрған бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне ұсынуы туралы міндеттемені;»;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«тараптардың шешімі бойынша анықталатын басқа да талаптар.»;

267 - тармақта :

бірінші абзацта «Келісім» деген сөзден кейін «бір қаржы жылына» деген сөздермен толықтырылсын;

268-тармақтың екінші абзацында «2, 3 және 4-қосымшаларды» деген сөздер «1, 2 және 3-қосымшаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

269-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«269. Келісім жасасу кезіндегі негізгі сәттер:

1) Келісім жасасу кезінде мақсаттарды, міндеттерді, тікелей және соңғы нәтижелерді ескерген жөн, онда:

«Мақсаттары» деген 2.2-тармақта мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына сәйкес түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге бағытталған мақсаттары көрсетіледі;

«Міндеттері» деген 2.3-тармақта мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына сәйкес мақсатқа қол жеткізуге бағытталған міндеттері көрсетіледі;

«Тікелей нәтижелер» деген 2.4-тармақта Әкімнің нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізуі тиіс орындалатын мемлекеттік функциялардың, көрсетілетін қызметтердің, іс-шаралардың (оның ішінде сандық сипаттамасының) көлемі көрсетіледі. Нысаналы даму трансферттері бойынша аяқталуға тиіс инвестициялық жобалардың атаулары көрсетіледі, жалғаспалы сипаттағы

объектілердің іске асырылуы жағдайында ағымдағы қаржы жылында орындалатын жұмыстар мен қызметтердің көлемі көрсетіледі;

«Түпкілікті нәтижелер» деген 2.5-тармақта бюджеттік бағдарламаның және мемлекеттік орган қадағалайтын саланың (жүйенің) мақсатына қол жеткізуге тура нәтиженің әсер ету деңгейі (дәрежесі) көрсетіледі.

Түпкілікті нәтижені айқындау кезінде, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелерді ұстауға, оларды материалдық-техникалық жарактандыруға және ғимараттардың, құрылыстардың күрделі жөнделуіне бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, саладағы (қызмет аясындағы) бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға байланысты проблемалардың шешілуін көрсеткен ж ө н .

3.2-тармақта (аудару мерзімі) нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша немесе нысаналы даму трансферттері бойынша нысаналы трансферттің түрін е с к е р г е н ж ө н ;

2) Келісімнің 1-қосымшасын толтыру бойынша:

Бұл қосымшада нысаналы трансферттерді айларға бөлу келтіріледі, бұл ретте бөлу жоғары тұрған бюджеттің төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына, түсімдерінің жоспары мен төмен тұрған бюджеттің төлемдері бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес болуы тиіс;

Келісімнің 1-қосымшасы мынадай тәртіппен жасалады:

«Нысаналы трансферттің атауы» деген жолда жоғарғы тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферт іске асырылатын бюджеттік бағдарламаның атауы к ө р с е т і л е д і ;

«Кезең» деген жолда жоғары тұрған бюджеттің нысаналы трансферттерді б ө л у к е з ең і к ө р с е т і л е д і ;

«Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражат сомасы» деген жолда жоғары тұрған бюджеттен алынған нысаналы трансферттердің сомасы көрсетіледі;

«Өлшем бірлігі» деген жолда өлшем бірлігі көрсетіледі;

«Бағдарлама» және «Кіші бағдарлама» деген бағандарда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер іске асырылатын төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының және кіші бағдарламасының атаулары т о л т ы р ы л а д ы ;

«Барлығы» деген бағанда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің жалпы сомасы көрсетіледі;

«Қаңтар», «Ақпан», «Наурыз», «Сәуір», «Мамыр», «Маусым», «Шілде», «Тамыз», «Қыркүйек», «Қазан», «Қараша», «Желтоқсан» деген бағандарда жоғарғы тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке аударуға жататын нысаналы трансферттердің сомасы көрсетіледі;

3) Келісімнің 2-қосымшасын толтыру бойынша:

Нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізулер туралы аралық есепте тікелей нәтижелерге нақты қол жеткізу туралы, осы кезеңге жоспарланған нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептерін көрсете отырып, нысаналы трансферттер сомасының белгілі бір уақыт кезеңіндегі игерілуі туралы деректер келтіріледі.

Келісімнің 2-қосымшасы мынадай тәртіппен жасалады:

«Мемлекеттік органның атауы» деген жолда Келісім жасасқан жергілікті атқарушы орган көрсетіледі;

«Нысаналы трансферттің атауы» деген жолда жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының атауы көрсетіледі;

«Есеп кезеңі» деген жолда есепті қаржы жылының жарты жылдығы көрсетіледі;

«Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражаттар сомасы» деген жолда 1 шілдедегі жағдай бойынша жоғары тұрған бюджеттен алынған нысаналы трансферттердің сомасы көрсетіледі;

«(бюджеттік бағдарламаның атауы)» және «(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)» деген жолдарда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер іске асырылатын төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының (кіші бағдарламасының) атаулары мен коды толтырылады;

«Тікелей нәтиже» деген жол бойынша:

«Көрсеткіштер атауы (жоспардағы іс-шаралар)» деген бағанда жасасқан Келісімде көзделген, жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілуі тиіс жоспарланатын (орындалатын) іс-шаралар көрсетіледі. Нысаналы даму трансферттері бойынша бұл бағанда іс-шаралар әрбір бюджеттік инвестициялық жоба бойынша көрсетіледі;

«Іс-шаралардың нақты орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы» деген бағанда іс-шаралардың нақты орындалуы, яғни жартыжылдық қорытындылары бойынша жұмыстар неше пайызға орындалғаны және қызметтер көрсетілгені, жұмыстар мен қызметтердің орындалу кестесінің сақталуы көрсетіледі, жұмыстар мен қызметтердің жартыжылдықтағы орындалу (тауарларды сатып алу) сатысы сипатталады. Нысаналы даму трансферттері бойынша тікелей нәтижелер әрбір бюджеттік инвестициялық жоба бойынша толтырылады;

«Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері» деген бағанда атқарылмау сомасына байланысты нысаналы трансферттер бойынша тікелей нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері егжей-тегжейлі сипатталады. Жоспарланған іс-шаралар кестеден кешіккен жағдайда кешігу себептері көрсетіледі;

«Жоспар мың теңгемен» және «Факті мың теңгемен» деген бағандарда есепті

қаржы жылының 1 шілдесіндегі жағдай бойынша жоғарғы тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің сомасы мен олардың есепті қаржы жылының 1 шілдесіндегі жағдай бойынша нақты атқарылуы көрсетіледі;

«Ауытқуы мың теңгемен» деген бағанда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің сомасы мен олардың есепті қаржы жылының 1 шілдесіндегі жағдай бойынша нақты атқарылу сомасы арасындағы айырма көрсетіледі;

4) Келісімнің 3-қосымшасын толтыру бойынша:

Нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізулер туралы қорытынды есепте тікелей және түпкілікті нәтижелерге нақты қол жеткізу туралы, нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері көрсетіле отырып, ағымдағы қаржы жылының нысаналы трансферттер сомасының игерілуі туралы деректер келтіріледі.

Келісімнің 3-қосымшасы мынадай тәртіппен жасалады:

«Мемлекеттік органның атауы» деген жолда Келісім жасасқан жергілікті атқарушы орган көрсетіледі;

«Нысаналы трансферттің атауы» деген жолда жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының атауы көрсетіледі;

«Есеп кезеңі» деген жолда есепті қаржы жылы көрсетіледі;

«Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражаттар сомасы» деген жолда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жоғары тұрған бюджеттен алынған нысаналы трансферттердің сомасы көрсетіледі;

«(бюджеттік бағдарламаның атауы)» және «(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)» деген жолдарда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер іске асырылатын төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының (кіші бағдарламасының) атаулары мен коды толтырылады;

«Тікелей нәтиже» деген жол бойынша:

«Көрсеткіштер атауы (жоспардағы іс-шаралар)» деген бағанда жасасқан Келісімде көзделген, жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілуі тиіс жоспарланатын (орындалатын) іс-шаралар көрсетіледі. Нысаналы даму трансферттері бойынша бұл бағанда іс-шаралар әрбір бюджеттік инвестициялық жоба бойынша көрсетіледі;

«Іс-шаралардың нақты орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы» деген бағанда іс-шаралардың нақты орындалуы, яғни, жыл қорытындылары бойынша жұмыстар неше пайызға орындалғаны және қызметтер ұсынылғаны, жұмыстар мен қызметтердің орындалу сатысы көрсетіледі, жұмыстар мен қызметтердің есепті жылдағы орындалу (тауарларды сатып алу) сатысы сипатталады. Нысаналы даму трансферттері бойынша тікелей нәтижелер әрбір бюджеттік

инвестициялық жоба бойынша толтырылады;

«Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері» деген бағанда атқарылмау сомасына байланысты нысаналы трансферттер бойынша тікелей нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері егжей-тегжейлі сипатталады. Жоспарланған іс-шаралар кестеден кешіккен жағдайда кешігу себептері көрсетіледі;

«Жоспар мың теңгемен» және «Факті мың теңгемен» деген бағандарда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің сомасы мен олардың ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша нақты атқарылуы көрсетіледі;

«Ауытқуы мың теңгемен» деген бағанда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің сомалары мен олардың ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша нақты атқарылу сомасы арасындағы айырма көрсетіледі;

«Түпкілікті нәтиже» деген жолда:

«Жоспарланған көрсеткіштер (іс-шаралар)» деген бағанда жасасқан Келісімде көзделген түпкілікті нәтижелер, яғни, қол жеткізілген тікелей нәтиженің мақсаттарға қол жеткізуге күтілетін әсері көрсетіледі. Нысаналы даму трансферттері бойынша түпкілікті нәтижелер әрбір бюджеттік инвестициялық жоба бойынша толтырылады;

«Нәтижелерге нақты қол жеткізу» деген бағанда түпкілікті нәтижелердің нақты орындалуы, яғни, қол жеткізілген тікелей нәтиже салаға қандай әсер көрсеткені, ондағы проблема қаншалықты шешілгені көрсетіледі. Нысаналы даму трансферттері бойынша түпкілікті нәтижелер әрбір бюджеттік инвестициялық жоба бойынша толтырылады.

«Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері» деген бағанда түпкілікті нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері егжей-тегжейлі сипатталады;

5) 3) және 4) тармақшаларда көрсетілген есептерге еркін нысанда толтырылған, нысаналы трансферттер есебінен саладағы (қызмет аясындағы) проблемалардың шешілуі, қол жеткізілген мақсаттар, нәтижелердің көрсеткіштері туралы түсіндірмелерді қамтитын талдамалық жазба қоса беріледі.

Талдамалық жазба облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалануы туралы ақпаратты қамтиды, олардың есепті кезеңдегі жұмсалыуының негізгі бағыттарын, қол жеткізілген мақсаттар мен нәтиже көрсеткіштерінің талдауын, нысаналы трансферттер бойынша нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу негіздемелері және себептерімен бірге нысаналы трансферттердің игерілген және

игерілмеген сомаларының сипаттамасы қамтылады;

б) Нысаналы трансферттердің түріне және бағытына қарай Келісімде басқа да ерекше, заңнамаға қайшы келмейтін (міндеттер, құқықтар, жауапкершілік, Келісімге өзгерістер енгізу шарттары) шарттар көзделуі мүмкін.»;

278-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Электрондық нысандағы төлеуге берілетін шотта және/немесе шетел валютасын айырбастауға арналған өтінімде қателер болған, оларда қандай да бір қажетті деректемелер болмаған, қойылған қолдар қойылған қолдардың және мөр бедерінің үлгілеріне сәйкес келмеген, электрондық нысандағы төлеуге берілетін шот сомасының шетел валютасын айырбастауға арналған электрондық нысандағы өтінім сомасына сәйкес келмеген кезде, төлеуге берілетін шот және шетел валютасын айырбастауға арналған өтінім қайтару себептері көрсетіліп, «Қазынашылық-клиент» АЖ арқылы электрондық түрде, орындамастан мемлекеттік мекемеге қайтарылады.»;

291-тармақта «БСК-ға» деген сөзден кейін «түсімдердің БСК-ға, мемлекеттік мекеменің демеушілік, қайырымдылық көмек ҚБШ-ға,» деген сөздермен толықтырылсын;

376, 377, 378, 379-тармақтарда «Жеке және заңды тұлғалар» деген сөздер алып тасталсын, «ақшасын» деген сөз «Ақшаны» деген сөзбен ауыстырылсын;

411-тармақта «бөлінген ақшаның пайдаланылмаған бөлігін» деген сөздерден кейін «ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанына дейін» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 411-1-тармақпен толықтырылсын:

«411-1. Қаржы жылы ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервінен шетел валютасында бөлінген ақшаны пайдаланбаған немесе ішінара пайдаланған жағдайда бюджеттік бағдарлама әкімшісі шетел валютасында бөлінген пайдаланылмаған ақшаның бөлігін резервтен қаражаттың бастапқы жүргізілген шетел валютасын айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайтарылуын қамтамасыз етеді.»;

50-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

«50-тарау. Бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеудің техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптаманы жүргізуді қаржыландыруға қаражат бөлу тәртібі

446. Осы тарау бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың қаражатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың, концессиялық жобаларды

консультативтік сүйемелдеудің техникалық-экономикалық негіздемелерін (бұдан әрі - ТЭН) әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптаманы жүргізуді қаржыландыруға қаражат бөлу тәртібін және оларды қаржыландыру рәсімдерін анықтайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, ТЭН әзірлеу немесе түзету шеңберінде ТЭН қажетті сараптамаларын жүргізу қаржыландырылады.

Бюджеттік инвестициялық жобалардың (бұдан әрі - БИЖ) ТЭН сараптамаларын қаржыландыру және өткізу бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Концессиялық жобалардың, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеудің ТЭН қаржыландыруды және оны сараптаудан өткізуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты бекітілген БИЖ тізбесінің негізінде әр түрлі бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында қаржы жылы ішінде бөлуге жатады, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражаты есебінен жүзеге асырылатын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ ТЭН-ге қажетті сараптама жүргізуді қаржыландыру жүзеге асырылады.

Егер жергілікті БИЖ-ды қаржыландыру жергілікті бюджетке республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылса, ТЭН әзірлеуді қаржыландыру бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасы есебінен жүзеге асырылады.

Егер БИЖ-ды республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асыру ұсынылса, инвестициялық ұсынысты салалық сараптамадан өткізуді салалық орталық мемлекеттік орган жүргізеді.

Егер БИЖ-ды жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен, сондай-ақ республикалық бюджеттің нысаналы даму трансферттері мен кредиттері есебінен қаржыландыруға жоспарланып отырған жобаларды жүзеге асыру ұсынылса, инвестициялық ұсынысты салалық сараптамадан өткізуді жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын салалық атқарушы орган жүргізеді.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты бекітілген концессиялық жоба тізбесінің негізінде әр түрлі бюджеттік бағдарламалар әкімшілер арасында қаржы жылы ішінде бөлуге жатады, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражаты есебінен жүзеге асырылатын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ ТЭН-ге қажетті сараптама жүргізуді, концессиялық

жобаларды консультативті сүйемелдеуді қаржыландыру жүзеге асырылады.

Бюджеттік инвестициялық жобаны және концессиялық жобаны республикалық не жергілікті ретінде бірлесіп қаржыландыру шартымен анықтау Бюджет кодексінің 151-бабында белгіленген өлшемдерге сәйкес жүзеге асырылады.

447. Бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың қаражаты есебінен бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ оны сараптаудан өткізуді, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеуді қаржыландыру процесі мынадай негізгі сатыларды :

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ сараптаудан өткізуді, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеуді қаржыландыруға арналған өтінімдерді беруді;

2) бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың қаражаты есебінен бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ оны сараптаудан өткізуді, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеуді қаржыландыру Тізбесін қалыптастыру және бекіту ;

3) ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ сараптаудан өткізуді, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеуді қаржыландыруды қамтитын іс-шаралар кешенін білдіреді.

448. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеудің ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптаманы жүргізуді қаржыландыруға өтінімдер береді .

449. БИЖ-дың ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптаудан өткізуді қаржыландыруға инвестициялық ұсыныстар әзірлеуді мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу сатысында бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүзеге асырады.

450. БИЖ ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптаудан өткізуді қаржыландыруға өтінім ТЭН әзірлеу жоспарланатын ағымдағы жылы қалыптастырылады және мынадай құжаттарды:

1) инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағын;

2) БИЖ ТЭН әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптаудан өткізу құнына негізделетін ақпарат;

3) БИЖ ТЭН әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптаудан өткізуге техникалық тапсырма;

4) инвестициялық ұсынысқа салалық сараптама.

451. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық ұсыныстарды қарайды және олар бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне экономикалық қорытынды жібереді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға инвестициялық ұсыныстарды және олар бойынша экономикалық оң қорытынды жібереді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жобаларды қаржылық қамтамасыз ету бөлігінде инвестициялық ұсыныстарды қарайды және одан әрі жобаны қаржыландыру үшін экономикалық қорытындыны ескере отырып, тиісті бюджеттік комиссияның қарауына олар бойынша қорытынды енгізеді.

452. Бюджеттік комиссия іріктеген инвестициялық ұсыныстарда қамтылған инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган БИЖ тізбесін қалыптастырады, ол бойынша ТЭН әзірлеу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

453. Тиісті бюджеттік комиссия қарау нәтижелері бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптаманы жүргізуді қаржыландыру бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын БИЖ тізбесін, сондай-ақ әрбір бюджеттік инвестициялық жоба бойынша қаржыландыру сомасын анықтайды.

454. Әрбір жоба бойынша қаржыландырудың атауын және сомасын қамтитын тізбе бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган дайындайтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімімен немесе жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

454-1. Техникалық шешімдердің өзгеруіне және қосымша шығыстарға алып келетін бюджеттік инвестициялық жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлері өзгерген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен қажетті сараптамалар жүргізіле отырып, бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне түзету жүргізіледі.

455. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері концессиялық ұсыныстарды, оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың ұсыныстарын ескере отырып қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

456. Концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамасын жүргізуді қаржыландыруға өтінім мыналар коса беріле отырып, концессиялық ұ с ы н ы с т а р д ы қ а м т у ы т и і с :

- 1) салалық сараптаманың оң қорытындысы;
- 2) концессиялық жобалардың ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамасын жүргізуге техникалық тапсырманың жобасы;
- 3) концессиялық жобалардың ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамасын жүргізу құнының есептемелері.

457. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган концессиялық ұсыныстарды сараптаудан өткізу үшін концессия мәселелері бойынша мамандандырылған ұйымды тартады.

458. Концессия мәселелері бойынша мамандандырылған ұйымның концессиялық ұсыныстарының сараптамасын алған кезде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган экономикалық қорытындыны бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға жібереді.

459. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті бюджеттік комиссиялардың қарауына концессиялық жобалардың ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді және қажетті сараптаудан өткізуді қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды енгізеді.

460. Бюджеттік комиссиялар мақұлдаған концессиялық ұсыныстарда қамтылатын концессиялық жобалар бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган ТЭН-ді әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптаудан өткізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын концессиялық жобалардың тізбесін қалыптастырады.

461. Тиісті бюджеттік комиссия қарау нәтижелері бойынша ТЭН-ді әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптаудан өткізу тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен жүзеге асырылатын концессиялық жобалардың тізбесін, сондай-ақ әр жоба бойынша қаржыландыру сомасын анықтайды.

462. Әрбір жоба бойынша қаржыландырудың атауын және сомасын қамтитын тізбе, дайындығын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімімен немесе жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

463. Мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын атқарушы орган концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу жөніндегі қызметтерді қаржыландыруға өтінімді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

464. Концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу жөніндегі қызметтерді қаржыландыруға өтінім мынадай негізгі мәліметтерді қамтиды:

- 1) концессиялық жобаның атауын;

2) тәуелсіз сарапшыны іріктеу жөніндегі конкурстың ұйымдастырушысын;

3) қызмет түрлері және олардың мәлімделген құнын.

Сондай-ақ өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) мынадай негізгі мәліметтер көрсетілуі тиіс қызметтерді ұсыну жөніндегі техникалық тапсырманың жобасы:

қызметтерді тарту мақсаты мен міндеті;

қызмет ұсынуға қойылатын жалпы талаптар;

қызмет ұсыну мерзімдері;

қызмет ұсынудың тікелей нәтижелерінің көрсеткіштері (индикаторлары);

2) қызметтердің мәлімделген жалпы құнының негіздемесі;

3) қызметтерді тарту қажеттілігін негіздейтін өзге де мәліметтер.

465. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган өтінімдер негізінде концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу жөніндегі қызметтердің әр түрі бойынша экономикалық қорытындыны бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган әрбір концессиялық жоба бойынша қызметтерді қаржыландырудың түрлері мен көлемдері бойынша ұсыныстарды тиісті бюджеттік комиссияның қарауына енгізеді.

466. Тиісті бюджеттік комиссия қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу жөніндегі қызметтердің тізбесін, сондай-ақ әрбір жоба бойынша қаржыландырудың түрлері мен көлемдерін а й қ ы н д а й д ы .

467. Концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу - конкурстық құжаттамаларды, концессия шарттарының жобаларын әзірлеуді, конкурсқа қатысушымен комиссияның келіссөзі үрдісінде консультациялық қызметтерді көрсетуді қамтитын тәуелсіз эксперттер көрсететін қызметтер.

468. Әрбір жоба бойынша қаржыландырудың атауын және сомасын қамтитын тізбе дайындайды, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен немесе жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

469. Егер тиісті бюджет комиссиясының Тізбені қарау нәтижелері бойынша бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты толық мөлшерде бөлінбеген жағдайда, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тізбе бекітілген айдан кейінгі екінші айдың 1 күніне дейін бюджет комиссиясының қарауына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның экономикалық қорытындысының негізінде, бөлінген бюджет бағдарламасы қаражатының қалған сомасына бюджеттік және концессиялық жобаларды консультативтік

сүйемелдеудің ТЭН-ді әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптаманы жүргізуді қаржыландыру мәселесін енгізеді.

Қалыптастыру, тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізу және бөлінетін бюджеттік бағдарламалары қаражаттарының қалған сомасына Тізбеге толықтыруларды бекіту осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді және оны сараптаудан өткізуді, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеуді қаржыландыру бойынша бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша бөлінген ақша қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына кейіннен өзгерістер енгізе отырып, белгіленген тәртіппен әзірленген және бөлінетін бюджеттік бағдарламаны бөлу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылданған қаулысының негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бюджеттік бағдарламасын қалпына келтіру жолымен бөлінген ақшаның пайдаланылмаған бөлігін қайтаруды қамтамасыз етеді.

470. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Тізбе негізінде бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың ТЭН әзірлеуді және түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптама өткізуді, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

471. Бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың ТЭН әзірлеуді және түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптама өткізуді, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеуді қаржыландыру белгіленген бюджеттік заңнамада және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

472. Бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың ТЭН әзірлеуге және түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптама өткізуге, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеуге арналған шарт бойынша өнім берушінің міндеттемелерінде тиісті сараптама өткізу нәтижелері бойынша ескертулер мен ұсыныстар туындаған, оның ішінде жобаға экономикалық сараптама жүргізген кезде жоба пысықтауға қайтарылған жағдайда өнім берушіге отыз күнтізбелік күн ішінде шарттың жалпы құны шегінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың ТЭН, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді міндетті пысықтау туралы талапты қамтуы тиіс.

473. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарға бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың ТЭН әзірлеу немесе түзету, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу бойынша іс-шараларды іске асыру барысы туралы ақпаратты есепті айдан кейінгі айдың 10 күніне дейін ұсынады.»;

474-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«474. Осымен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша құжаттаманы сараптау және бағалау бойынша бюджеттік бағдарламаның қаражаттарын бөлу т ә р т і б і а н ы қ т а л а д ы .

Концессиялық ұсыныстарға экономикалық сараптаманы, концессиялық жобалардың технико-экономикалық негіздемесінің экономикалық сараптамасын конкурстық құжаттама сараптамасын, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде, концессионерді таңдау бойынша конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдер сараптамасын, концессия шарттары жобаларының сараптамасын, оның ішінде шарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде мемлекет тапсырмасын алуға концессионердің ұсыныстарына сараптама, республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасы, мемлекеттік кепілдіктерді ұсыну үшін инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасы, республикалық бюджет қаражаттарының есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы арқылы жоспарланып отырған бюджеттік инвестициялардың экономикалық сараптамасы, концессиялық жобаларды, оның ішінде бюджеттен қоса қаржыландыру шартында іске асырудың мониторингі мен бағалауды қаржыландыруды, бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша құжаттамаға сараптама мен бағалауды қаржыландыру деп түсіну қажет.»;

4 7 5 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте «уәкілетті органның бюджеттік бағдарламасының қаражаттары есебінен» деген сөздер «және орталық уәкілетті органның бюджеттік бағдарламасының қаражаттары есебінен бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша құжаттаманы бағалау» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша құжаттамаға сараптаманы және бағалауды қаржыландыру өтінімдерін беруі;»;

2), 3) тармақшалар «және бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша құжаттаманы бағалау» деген сөздермен толықтырылсын;

476-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«476. Бюджеттік бағдарламаның әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша құжаттаманың сараптамасы мен бағалауын қаржыландыруға Өтінімдер б е р е д і . » ;

477-тармақта «сараптамаларды өткізу» деген сөздер «бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша құжаттамаға сараптамалар мен бағалау өткізу» деген сөздермен ауыстырылсын;

478-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«478. Бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша сараптамалар қорытындылары бойынша оң немесе теріс қорытынды шығарылады немесе пысықтауға жіберіледі, ол мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберіледі.»;

479-тармақта «қорытындылар» деген сөз «бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша құжаттамаға сараптамалар және бағалау» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

485-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«485. Концессиялық міндеттемелер - жасалған концессия шарттары бойынша концеденттің белгілі бір күнге қабылдаған және орындамаған қаржы міндеттемелерінің сомасы бойынша құқықтары мен міндеттемелерінің ж и ы н т ы ғ ы . » ;

488-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«488. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға өтемақы беруді көздейтін концессиялық жобалар бойынша экономикалық қорытындыны ұсынады.

Бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган өтемақы беруді көздейтін концессиялық жобаларды тиісті бюджеттік комиссияның отырысына енгізеді.»;

526-тармақта «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын, «бойынша қаржыландыру жоспарларының орындалуы туралы» деген сөзден кейін «ағымдағы бюджеттік бағдарламалар» деген сөздермен толықтырылсын;

527-тармақтың бірінші абзацында мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қ а л д ы р ы л с ы н ;

528-тармақта «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын, «тиісті» деген сөзден кейін «ағымдағы бюджеттік бағдарламалардың және» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

589-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«589. Егер тиісті жергілікті атқарушы орган әкімі аппаратының қызметін

қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарлама бойынша операцияларды жүзеге асыруды тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті орган бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен жергілікті бюджетке түзету жүргізбесе және аумақтық қазынашылық органдарына берешектің барлық сомасын өтеу бойынша төлеуге берілетін шоттарын ұсынбаса, бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган, мыналарды:

тиісті жергілікті атқарушы орган әкімі аппаратының қызметкерлеріне айлық жалақы және басқа да ақшалай төлемдер;

салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

міндетті зейнетақы жарналары;

әлеуметтік аударымдар;

банктік қызметтерге ақы төлеу бойынша операцияларды қоспағанда, тиісті жергілікті атқарушы орган әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарлама бойынша барлық операцияларды (азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу және төлемдерді жүргізуді) тоқтата тұруды жүзеге асырады.»;

6 2 - т а р а у д а :

атауы «, сондай-ақ бюджеттік кредитті өтеу бойынша кредит берушінің талаптарын тоқтату тәртібі» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 595-1, 595-2-тармақтармен толықтырылсын:

«595-1. Бюджеттік кредитті өтеу бойынша кредит берушінің талаптарын тоқтатуды Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

595-2. Олар бойынша талаптар сот шешімдері негізінде тоқтатылған қарыз алушылардың берешектері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредит берушінің есептен шығаруына жатады.»

;

596-1-тармақта «Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген салалық сараптамаларды ұсына отырып» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сараптамаларды және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның экономикалық қорытындысын ұсына отырып» деген сөздермен ауыстырылсын;

597-тармақта және 599-тармақтың бірінші абзацындағы «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын, «бюджеттің атқарылуы жөніндегі» деген сөздер «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

615-тармақтың 7) тармақшасындағы «қарыздың (гранттың) қаражатына қол

жеткізу мерзімін ұзартуды» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ республикалық бюджеттен сыртқы үкіметтік қарыздарды қоса қаржыландыру қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыру шеңберінде консультанттардың қызметтеріне сыйақының шекті сомаларын» деген сөздермен толықтырылсын;

627-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) республикалық бюджеттік комиссияның қарауына жоспарланып отырған мерзімге мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті бойынша ұсынысты, инвестициялық жобалардың тізімінің жобасын қалыптастырады және енгізеді;»;

6 3 0 - т а р м а қ т а :

2) тармақшада «экономикалық сараптамасын» деген сөздер «экономикалық қорытындысын» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алып тасталсын;

637-тармақта «экономикалық сараптаманың қорытындысын» деген сөздер «экономикалық сараптамасын» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 638-1-тармақпен толықтырылсын;

«638-1. Мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобалар бойынша ТЭН әзірлеуге немесе түзетуге және экономикалық сараптамаға талаптарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган анықтайды .

Мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобаларға экономикалық сараптаманы Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған заңды тұлға жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 639-1, 639-2, 639-3-тармақтармен толықтырылсын:

«639-1. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобалар бойынша ТЭН экономикалық сараптаманы есепке ала отырып қарайды және олар бойынша экономикалық қорытындыны мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер заңды тұлғаларға жібереді.

639-2. Мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер заңды тұлғалар бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобалар бойынша бекітілген ТЭН-ні, ол бойынша оң экономикалық қорытындыны және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет басқа да қорытындыларды ұсынады.

639-3. Бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеуді жүзеге асырады.»;

6 4 2 - т а р м а қ т а :

«Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «Бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

«инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасының қорытындысы» деген сөздер «экономикалық қорытындылар» деген сөздермен ауыстырылсын;

«экономикалық сараптамалардың қорытындыларын» деген сөздер «экономикалық қорытындыларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

643-тармақта «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

644-тармақта «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып,» деген сөздер «бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

650-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Банк кепілдігі қарыз шарты қолданылатын тұтас мерзімге бір рет беріледі және негізгі борыштың сомасын, сондай-ақ қарыз шартына сәйкес қарыз алушы жүзеге асыратын сыйақылардың, комиссиялардың, тұрақсыздық айыптарының (өсімпұл, айыппұл) және өзге де төлемдердің барлық сомаларын жабады.

Сақтандыру шарты қарыз алушыны дефолтқа және мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді мемлекеттің орындауына әкеп соқтыруы мүмкін жобалар бойынша тәуекелдерді сақтандыруды қамтамасыз етуге тиіс.»;

661-тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

663 - тармақта :

«Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «Бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

«бюджет комиссиясына» деген сөздер «Республикалық бюджет комиссиясына» деген сөздермен ауыстырылсын;

664-тармақта «Бюджет комиссиясы» деген сөздер «Республикалық бюджет комиссиясы» деген сөздермен ауыстырылсын;

665-тармақта «Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздер «Бюджеттік жоспарлау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

759 - тармақта :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«қарыз алу шарты немесе байланысты грант туралы келісімнің шеңберінде жасасқан келісімшарттарға төлемдер жүргізілген жағдайда осы келісімшарттарға сәйкес төлем жүргізілетін құжаттардың (орындалған жұмыстардың сертификаттары және/немесе сол немесе өзге қызметтердің берілгені туралы инвойстар, оның ішінде келісімшарттың талаптарында бұл көзделген жағдайларда, банктік кепілдіктердің көшірмелері) көшірмелері, олар бойынша бастапқы төлемдер жүргізу кезінде, одан кейінгі кез келген өзгерістер мен толықтырулары бар көшірмелерін қоса алғанда, осы келісімшарттардың көшірмелері, сондай-ақ егер, бұл қарыз алу шарты және байланысты грант

туралы келісім бойынша рәсімдермен көзделген болса, келісімшарттар жасасуға арналған шетелдік қарыз берушінің ресми мақұлдамалар көшірмелерін;»;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурстық комиссияның шешімі.»;

760-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының соңғы айында үкіметтік сыртқы қарыз қаражаттарын немесе байланысты грантты алуға арналған өтінімдерді ағымдағы қаржы жылының 15 желтоқсанына дейін қабылдайды.»;

81 - т а р а у д а :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«81-тарау. Мемлекет кепілгерлігімен қарыздар алу және оларды пайдалану, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтару тәртібі»;

774-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«жоспарланған кезеңге мемлекет лимитін беру немесе кепілгерлігінің лимит көлемінің ұлғаюы бойынша ұсынысты, келесі қаржы жылының лимиті шегінде олар бойынша мемлекеттің лимитінің берілуі немесе кепілгерлігі көлемінің ұлғаюы мүмкін концессиялық жобалар тізімінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджеттік комиссияның қарауына енгізеді.»;

776-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«776. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша құжаттамаға сараптама жүргізу және бағалау мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйымды т а р т а д ы ;

конкурстық құжаттаманы және концессия шартын келіседі; концессия міндеттемелерінің қаржылық шекарасын және қабылдау артықшылығын белгілейді.»;

778-тармақтың екінші және төртінші абзацтарында «беру» деген сөздерден кейін «немесе лимит көлемінің ұлғаюын» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 779-1, 779-2-тармақтармен толықтырылсын:

«779-1. Кепілгерлік бойынша міндеттемелерді мемлекет орындаған жағдайда республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты орындау сақтандыру шарты негізінде жүргізіледі.

779-2. Мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен Банк арасында жасасқан тапсырма шарты негізінде Банк жүзеге асырады.»;

781-тармақта «концессиялық жобаның» деген сөздерден кейін «қаржылық» деген сөзбен толықтырылсын;

782-тармақтың бірінші абзацында «концессиялық жобаның» деген сөздерден кейін «қаржылық» деген сөзбен толықтырылсын;

9 - қосымша алып тасталсын;

16 - қосымша да :

Кестенің 2-бағанында «Бюджет қаражаттары қалдықтарының қозғалысы» деген сөздер «Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары» деген сөздермен ауыстырылсын;

36 - қосымша да :

Кестенің 6-бағанында «Ақылы қызметтердің қолма-қол ақшасын бақылау шоты бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

62, 63-қосымшалар осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

66 - қосымша да :

кестеде :

«, банктің қаласы» деген сөздер алып тасталсын;

«Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы» деген баған алып тасталсын;

67 - қосымша да :

кестеде :

«, банктің қаласы» деген сөздер алып тасталсын;

«Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы» және «төлем кезеңі» деген бағандар алып тасталсын;

74 - қосымша да :

«Мемлекеттік мекеме» деген бағанда «БСК» деген жолда «195301070» деген сандар алып тасталсын;

осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 74-1-қосымшамен толықтырылсын;

93-қосымша осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын .

2. «Концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қыркүйектегі № 885 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 39, 430-құжат) күші жойылды деп танылсын .

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан
К. Мәсімов*

Республикасының

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 3 шілдедегі
№ 688 қаулысына

1-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
62-қосымша

(Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық қазынашылық бөлімшесі)

Ақша алушыны ақша алушы анықтамасына енгізуге өтінім

Мемлекеттік мекеменің коды _____

Мемлекеттік мекеменің атауы _____

Р/с №	Ақша алушының атауы	Ақша алушының СТН	БСК	ЖСК	КБе (экономика секторы)
1	2	3	4	5	6

ММ басшысы _____
(қолы) (аты-жөні)

М.О.

ММ бас бухгалтері _____
(қолы) (аты-жөні)

М.О.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 3 шілдедегі
№ 688 қаулысына

2-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
63-қосымша

(Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық қазынашылық бөлімшесі)

Ақша алушыны ақша алушы анықтамасына енгізуге өтінім

Мемлекеттік мекеменің коды _____

Мемлекеттік мекеменің атауы _____

Р/с №	ИИСК енгізілген ақпарат (атауы, СТН, БСК, ЖСК, КБе)	Өзгертілуі қажет ақпарат (атауы, СТН, БСК, ЖСК, КБе)
1	2	3

ММ басшысы _____
(қолы) (аты-жөні)

М.О.

ММ бас бухгалтері _____
(қолы) (аты-жөні)

М.О.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0 жылғы 3 ш і л д е д е г і

№ 6 8 8 қ а у л ы с ы н а

3-қосымша

Б ю д ж е т т і ң а т қ а р ы л у ы ж ә н е

о ғ а н к а с с а л ы қ қ ы з м е т

к ө р с е т у е р е ж е с і н е

74-1-қосымша

Төлеуге берілетін шот № _____

Күні 20 ж. «__» _____

Мемлекеттік мекеме				Ақша алушы			
ММ коды		Коды		Бск			
Атауы				Атауы			
СТН				СТН			
АҚБ				Банк			
БСК							
ЖСК							
Қаржыландыру көзі				БСК			
Бюджет түрі				ЖСК			
БСК шығыстары							

Тауардың (жұмыстардың, қызметтердің коды)	БСК түсімдері	ТТК
Төлем мәртебесі		
Төлемді тағайындау	Сомасы	
Сомасын таратып жазу:		

ЭСҚ

3-типі (1-Кәдімгі, 2-Жиынтық зейнетақы, 3-Жалақыны және т.б. дивидендтерді аудару, 4 - Әлеуметтік аударымдар);
Хабарламамен келісу (Жалақы) №-

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

3

ш і л д е д е г і

№

6 8 8

қ а у л ы с ы н а

4-қосымша

Б ю д ж е т т і ң

а т қ а р ы л у ы

ж ә н е

о ғ а н

к а с с а л ы қ

қ ы з м е т

к ө р с е т у

е р е ж е с і н е

93-қосымша

Нысаналы трансферттер жөніндегі нәтижелер туралы үлгі келісім

1. Т а р а п т а р д ы а н ы қ т а у

«Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің атауы» (бұдан әрі - ЖТББӘ) атынан бірінші басшысы «Т.А.Ә.» бір тараптан және «облыстың республикалық маңызы бар қала, астананың әкімі, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі» атынан _ бірінші басшысы «Т.А.Ә.» (бұдан әрі - Әкім) бірлесіп төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты.

2. Келісім мәні, мақсаттары мен міндеттері

2.1 Осы Келісімге сәйкес _____ қаржы жылына арналған _____ бюджеттік бағдарлама бойынша _____ бюджетте көзделген нысаналы трансферттер шегінде тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу бойынша міндеттемені ЖТББӘ береді, ал Әкім өзіне қабылдайды.

2 . 2

М а қ с а т т а р :

2 . 2 . 1

2 . 2 . 2
2 . 3 М і н д е т т е р :

2 . 3 . 1

2 . 3 . 2

2 . 4 Т і к е л е й н ە т и ж е л е р :

2 . 4 . 1

2 . 4 . 2

(Мысал: магистралдық газ құбырын салу бойынша құрылыс-монтажда жұмыстарының көлемін орындау және оны белгіленген тәртіппен қаржыландыру , магистралды газ құбырын салуды іс жүзінде аяқтау және оны пайдалануға тапсыру жылу энергетикалық жүйесінің (магистралды газ құбырының) объектісін салуға бағытталған нысаналы даму трансферттері бойынша тікелей н ە т и ж е л е р б о л ы п т а б ы л а д ы .

Дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша халыққа иммунопрофилактика өткізу, ересек гематологиялық ауруларды химиялық терапиямен қамсыздандыру, халықты вакциналауды қамту және т.б.) тікелей нәтижелер болып табылады.

2.5 Түпкілікті нәтижелер:

2 . 5 . 1

2 . 5 . 2

(Мысал: жылу энергетика жүйесінің объектілері бойынша аймақты тұрақты газбен қамтамасыз ету, тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттыру, өндірісті дамыту мен жұмыс орындарын құру түпкілікті нәтиже болып т а б ы л а д ы

Дәрілік заттарды вакциналарды және басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алу бойынша халықтың ауруға шалдығу көрсеткіштерін төмендету, күтілетін өмір сүру ұзақтығын арттыру, медициналық қызметтердің сапасына шағымдарды төмендету және т.б.) түпкілікті нәтиже болып табылады.

3. Нысаналы трансферттердің сомасы және төлем тәртібі

3.1. _____ облыс (республикалық маңызы бар қала, астана)/аудан (облыстық маңызы бар қала) үшін _____ бюджеттік бағдарламасы бойынша нысаналы трансферттің сомасы _____ мың теңгені құрайды, нысаналы трансферттер сомасының айлар бойынша бөлінуі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшада келтірілген.

3.2. ЖТББӘ-нің _____ облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)/ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті кірісіне нысаналы трансферттің сомасын аударуы:

- ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша Келісімнің 1-қосымшада

келтірілген нысаналы трансферттер сомасының айлар бойынша бөлінуіне сәйкес айдың (қаңтар, 25-күнінен кешіктірмей) бірінші 5 жұмыс күнінде;

- нысаналы даму трансферттері бойынша Келісімнің 1-қосымшасында келтірілген нысаналы трансферттер сомасының айлар бойынша бөлінуіне сәйкес аударымдар осы Келісімнің 3.3-тармағына сәйкес 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

3.3. Жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансфертті төменгі тұрған бюджеттің кірісіне аудару үшін мынадай құжаттар қажет:

- Нысаналы трансферттер жөніндегі нәтижелер туралы Келісім;
- төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарлары.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Әкім:

- осы Келісімде келтірілген тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуді толық көлемде және кепілдендірілген сапада, уақтылы қамтамасыз етуге;

- 10-тармақта көрсетілген мерзімде және нысанда ЖТБНӘ-ие тікелей және түпкілікті нәтижелерге іс жүзінде қол жеткізу туралы есепті ақпарат беріп отыруға;

- қызметтің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу тәуекелдерін басқару бойынша шараларды уақтылы қабылдауға;

- мемлекеттік орган қызметінің жоспарланған көрсеткіштеріне барынша табысты қол жеткізу үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды, оның ішінде қосымша іс-шаралар жүргізуді қолдануға;

- тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді уақтылы, тиімді және мақсатқа сәйкес пайдалануға;

- республикалық бюджеттен дамуға арналған нысаналы трансферттер есебінен орындалатын іс-шаралармен байланысты шығыстарды, объектілердің техникалық параметрлері, өндірістік қуаттары өзгерген жағдайларда жергілікті бюджеттен бірлесе қаржыландыруға;

- өткен жылы бөлінген нысаналы трансферттерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша пайдалануға (жете пайдалануға) рұқсат етілген сомасы қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (жете пайдаланылмаған) жағдайда, оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанына дейін қайтаруға;

- өткен қаржы жылында республикалық немесе облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің сомасы, ол бойынша ағымдағы қаржы жылында одан әрі пайдалану (жете пайдалану) туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган шешім қабылдаса, жыл басына арналған бюджеттік қаражат қалдықтары есебінен

ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейін оларды бөлген жоғары тұрған
б ю д ж е т к е қ а й т а р у ғ а ;

- мемлекеттік қаржылық бақылау органы нысаналы трансферттер сомасының мақсатқа сай пайдаланылмағанын айқындаған жағдайда, бақылау актісіне қол қойылғаннан кейін бір ай ішінде осы трансферттерді бөлген жоғары тұрған бюджетке қайтаруға міндеттенеді.

4 . 2 . Ә к і м н і ң :

- ЖТББӘ-нен нысаналы трансферттердің уақтылы аударылуын;
- ЖТББӘ-нен нысаналы трансферттердің уақтылы аударылмауы жағдайында бұл туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін (аудан әкімі, бірінші басшы - облыс әкімін) х а б а р д а р е т у г е ;
- нысаналы даму трансферттерін пайдалану кезінде үнем пайда болған жағдайда жергілікті атқарушы органдар үнемнің тиісті сомасын жоғары тұрған бюджеттен дамуға арналған нысаналы трансферттер есебінен жергілікті инвестициялық жобаларды іске асыру жүзеге асырылған бюджеттік бағдарламалардың нәтижелерінің көрсеткіштерін жақсартуға пайдалануға;
- ЖТББӘ-нің келісімі бойынша Келісімге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныс енгізуге құқығы бар.

4 . 3 . Ж Т Б Б Ә :

- облысының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың/ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті кірісіне нысаналы трансферттің сомасын осы Келісімнің 3.2-тармағында көрсетілген мерзімде аударуға;
- жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансферттер есебінен орындалатын іс-шаралардың мониторингін жүргізуге;
- конкурстық рәсімдерді уақтылы жүргізуге міндеттенеді¹.

4 . 4 . Ж Т Б Б Ә :

- Келісімнің қосымшасына сәйкес тікелей және түпкілікті нәтижелерге уақтылы, толық, сапалы қол жеткізуді талап етуге;
- мемлекеттік орган қызметінің көрсеткіштеріне қол жеткізу кемшіліктерін жедел жоюды, қызметтің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу тәуекелдерін басқару бойынша шараларды уақтылы қабылдауды талап етуге;

- Ү к і м е т т і :

- 1) Әкімнің осы Келісімге сәйкес міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжаттарды ұсынбағаны туралы;
- 2) Келісімге қосымшаға сәйкес олардың орындалуы үшін жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансферттер бөлінген іс-шараларды әкім уақтылы және тиісінше орындамауы туралы;
- осы Келісімнің міндеттемелерін бұзған үшін әкімге әкімшілік шаралар

қолдану туралы Үкіметке ұсыныс беру;
- осы Келісімге әкіммен келісу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хабардар етуге құқылы.

5. Ресми хабарламалар

5.1. Егер Әкім Келісімді орындау кезінде нысаналы трансферттер шеңберінде тіке және соңғы нәтижелерге жету бойынша міндеттемелерді уақтылы орындауға кедергі болатын жағдайларға тап келсе, әкім кешіктірілу фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі туралы ЖТББӘ кідірмей хабардар етуі тиіс.

Бұл ретте, Келісімге өзгерістер енгізу осы Келісімнің 7-т. сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.

5.2. Бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама Келісімге сәйкес кейіннен хабарламаның түпнұсқасын жібере отырып, жеделхат немесе факс түрінде жіберілуі мүмкін.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. ЖТББӘ өзіне алған міндеттемелер үшін қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес:

- нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімді уақтылы жасамғаны үшін;

- осы Келісімнің 3.2-тармағына сәйкес төменгі тұрған бюджеттерге нысаналы трансферттерді уақтылы аудармағаны үшін;

- конкурстық рәсімдерді уақтылы өткізбегені үшін жауапты болады².

6.2. Әкім өзіне алған міндеттемелерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес:

- осы Келісімге сәйкес нысаналы трансферттерді пайдаланғаны үшін;

- Келісімді уақтылы жасаспағаны үшін;

- тікелей және түпкілікті нәтижелерге нақты жету туралы есептік ақпаратты ұсынбағаны немесе уақтылы, толық ұсынбағаны үшін;

- мақсаттарға, міндеттерге, тікелей және түпкілікті нәтижелерге жетпегені үшін жауапкершілік тартады.

7. Келісімге өзгерістер енгізу

Келісімге өзгерістер енгізу мынадай жағдайларда:

- нысаналы трансферттер сомасы анықталған немесе түзетілгенде;

- осы Келісімге 1-қосымшада келтірілген нысаналы трансферттер сомасын айлар бойынша бөлулер түзетілгенде;

- бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде объектілер арасында сомаларды қайта бөлу;

- күтпеген мән-жайлар туындаған жағдайда өзара келісім бойынша жүргізіледі.

8. Форс-мажорлық мән-жайлар

Тараптардың біреуі шартты толық немесе ішінара орындауды мүмкін емес ететін жағдайлар, атап айтқанда: тараптарға байланысты емес өрт, дүлей апаттар, әскери қақтығыстардың барлық түрлері және басқа да тежеусіз күштік мүмкін жағдайлары туындаған кезінде Міндеттемелердің орындалу мерзімі осы жағдайлардың әрекеті ішіндегі уақытқа ұзартылады.

9. Дауларды шешу

9.1. Осы Келісімнен туындайтын немесе оған байланысты кез келген дау мен келіспеушілік ЖТББӘ бірінші басшысы мен әкім арасында өзара келіссөздер жүргізу жолымен шешілетін болады.

9.2. ЖТББӘ және әкім:

- олардың арасындағы өзара қолайлы шешімді іздеу мақсатында туындаған мәселенің талдануын қамтамасыз етуге;
- олардың арасындағы өзара қолайлы шешімді таппаған жағдайда Премьер - Министрге туындаған жағдай туралы ұсыныс енгізуге тиіс.

10. Есепті ұсыну нысаны мен мерзімі

10.1 Әкім 2,3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тікелей және түпкілікті нәтижелерге нақты жету туралы аралық және қорытынды есепті ЖТББӘ және бюджета атқару бойынша орталық уәкілетті органға ұсынады.

10.2 Әкімнің тікелей және түпкілікті нәтижелерге нақты жету туралы аралық есебі ағымдағы жылғы 30 шілдеден кешіктірілмей жарты жылдық қорытынды бойынша берілуі тиіс.

10.3 Әкімнің тікелей және түпкілікті нәтижелерге нақты жету туралы қорытынды есебі келесі қаржы жылының 15 ақпанынан кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.*

11. Қолданылу мерзімі

Келісім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және ағымдағы жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

12. Заңды мекен жайлары мен банктік деректемелері

Екі тараптың банктік деректемелері көрсетіледі.

(қолы)

(қолы)

Мемлекеттік органның бірінші
басшысы - жоғары тұрған
бюджеттік бағдарламалар
әкімшісі

Облыстың (республикалық маңызы
бар қаланың, астананың),
ауданның (облыстық маңызы бар
қаланың) әкімі.

М.О.

М.О.

Ауданның (облыстың маңызы бар қалалардың) бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері жоғары тұрған бюджеттік бағдарламалардың

әкімшілеріне тікелей және түпкілікті нәтижелерге іс жүзінде қол жеткізілгендігі туралы аралық және қорытынды есепті көрсетілген мерзімге 10 күн қалғанға дейін ұсынуы тиіс.

1 Егер конкурстың рәсімдерді жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері жүзеге асырса

2 Егер конкурстың рәсімдерді жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері жүзеге асырса

Нысаналы трансферттер бойынша
нәтижелер туралы Үлгі келісімге
1-қосымша

Нысаналы трансферттер сомаларын айлар бойынша бөлу

Нысаналы трансферттер атауы _____

Бюджеттің түрі _____

Кезеңі _____

Бөлінген нысаналы трансферттер сомасы _____

Өлшем бірлігі _____

Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Барлығы	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша

М . О .

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы _____
(қолы) (ТАЖ)

М . О .

Облыс (республикалық маңызы бар қала. астана), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі _____
(қолы) (ТАЖ)

Нысаналы трансферттер бойынша
нәтижелер туралы Үлгі келісімге
2-қосымша

Нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізулер

туралы аралық есеп

20 __ ж. « __ » _____

Мемлекеттік органның атауы _____

Нысаналы трансферттің атауы _____

Есеп кезеңі _____

Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражаттар сомасы _____

_____ (бюджеттік бағдарламаның атауы)

(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды

Р/с №	Тікелей нәтиже					
	Көрсеткіштер атауы (жоспардағы іс-шаралар)	Іс-шаралардың (нақты орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы)	Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері	Жоспар мың теңгемен	Факті мың теңгемен	Ауытқуы мың теңгемен
1	2	3	4	5	6	7

М . О .

Әкім _____

(Т.А.Ә) (қолы)

Б і р і н ш і б а с ш ы -
т ө м е н т ұ р ғ а н б ю д ж е т т і ң
б ю д ж е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р

әкімшісі _____

(Т.А.Ә) (қолы)

Нысаналы трансферттер бойынша
нәтижелер туралы Үлгі келісімге
3-қосымша

Нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізулер

туралы аралық есеп

20 __ ж. « __ » _____

Мемлекеттік органның атауы _____

Нысаналы трансферттің атауы _____

Есеп кезеңі _____

Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражаттар сомасы _____

_____ (бюджеттік бағдарламаның атауы)

(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды

Тікелей нәтиже

Р/с №	Көрсеткіштер атауы (жоспардағы іс-шаралар)	Іс-шаралардың (нақты орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы)	Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері	Жоспардың теңгемен	Фактінің теңгемен	Ауытқуының теңгемен
Түпкілікті нәтиже						
	Жоспарланған іс-шаралар)	көрсеткіштер (Нәтижелерге нақты қол жеткізу		Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері	

М . О .

Әкім _____
 (Т.А.Ә) (қолы)

Бірінші басшы -
 төмен тұрған бюджеттің
 бюджеттік бағдарламалар

әкімшісі _____
 (Т.А.Ә) (қолы)